

*Энергетика

СӨЗ ЕМЕС, ЕНДІ ІС КЕРЕК



АПТАНЫҢ АЛҒАШҚЫ КҮНІ ЖАУҒАН ЖАҒЫРДЫҢ ӘСЕРІНЕН АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ БІРАЗ БӨЛІГІ ЖАРЫҚСЫЗ ҚАЛДЫ. БІРНЕШЕ САФАТТАН КЕЙІН ҒАНА АПАТТЫҚ ЖАҒДАЙ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ. ОСЫ УАҚЫТ АРАЛЫҒЫНДА 40-ТЫҢ ҮСТІНДЕ ЖЕЛІ ЗАҚЫМДАЛЫП, 26870 ТҰТЫНУШЫ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНСЫЗ ОТЫРҒАН. СОҢҒЫ КЕЗДЕРІ ЖИІ ҚАЙТАЛАНЫП, ТІПТІ ҚАЛЫПТЫ ЖАҒДАЙҒА АЙНАЛЫП БАРА ЖАТҚАН АПАТТЫҚ АХУАЛДЫҢ СЕБЕБІ НЕДЕ? ЖАУЫН ЖАУЫП, ШАҢДЫ ДАУЫЛ КӨТЕРІЛСЕ ІСТЕН ШЫҒАТЫН ҚОСАЛҚЫ СТАНЦИЯЛАР МЕН ТРАНСФОРМАТОРЛАРДЫ КҮТІП ҰСТАУҒА КІМ ЖАУАПТЫ? ОЛАРҒА БАҚЫЛАУ ЖОҚ ПА? (Толығырақ 5-бетте)

ТАРИХИ МҰРА

8 Ашылмаған сыр бар Сарайшықта

«Жуырда Сарайшық қалашығына арнайы ұйымдастырылған пресс-турға қатысып, ортағасырлық шаһардың тарихи нысандарымен танысуға мүмкіндік туды. Сапар барысында біз үшін ең әсерлі ері маңызды орындардың бірі – «Хан моласы» аталып жүрген кене қорым болды.

МЕДИЦИНА

12 Үшемдер келді дүниеге!

Айта кетейік, референдум қарсаңында облыстық перинаталдық орталықта бір мезетте екі ана үшем босанған болатын. Дәрігерлердің кәсіби көмегінің арқасында босану сәтті өтіп, бір отбасы үш қыз, ал екінші отбасы үш ұлмен толықты. Мамандардың айтуынша, нәрестелер қажетті медициналық бақылаудан толық өтіп, жағдайлары тұрақталған. Аналардың да денсаулығы жақсы.

САЯХАТ

13 Ішкі туризм: Алыстан арбалағанша...

«Елдің құты – белеңде, судың құты – тереңде» дегендей, Атырауда да туристер қызығатын керікті жерлер көп. Алайда оларға қызмет көрсететін қонақүйлердің бағасы шарықтап тұрғаны, басқа да жағдайдың жасалмағаны жасырын емес. Туристердің көңілі осы үшін де қалып жатады.

*Әкім және әлеумет

Мектептің орнына ...үй салынбайды

ОБЛЫС ӘКІМІ СЕРІК ШӨПКЕНОВ Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ №11 ОРТА МЕКТЕП ПЕН ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҮШ ТІЛДЕ ОҚЫТАТЫН №30 МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯНЫҢ ҚҰРЫЛЫС ЖОБАЛАРЫМЕН ТАНЫСТЫ.

Ы.Алтынсарин атындағы мектеп 1963 жылы ашылған. Тарихы бай білім ордасы бүгінде апатты деп танылып, оның орнына 1500 шәкіртке шақталған төрт қабатты заманауи ғимараттың құрылысы басталды. Жоба ЕРС-келісім-шарт бойынша жүзеге асырылуда, бұл мердігердің жобалаудан бастап дайын нысанды тапсыруға дейінгі жауапкершілігінің толық циклін қамтиды. Құрылыс жұмыстарын «Әлем құрылыс» ЖШС жүргізуде.

(Толығырақ 2-бетте)



*Агроқошан

Қимылдағанға қаражат бар

– БИЫЛ АЙМАҚТА «АУЫЛ АМАНАТЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА 100-ДЕН АСТАМ ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСҚАЛЫ ОТЫР. БҰЛ ЖАҢАДАН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН АШУҒА МҮМКІНДІК БЕРМЕК. СОНЫМЕН ҚАТАР ЖОБАҒА ҚОСЫМША 3 МЛРД. ТЕҢГЕ БӨЛУ ЖОСПАРЛАНҒАН. БҰЛ ҚАРЖЫ ЕСЕБІНЕН ТАҒЫ 163 ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МҮМКІНДІГІ БАР.

– Өткен жылы бұрын берілген микронеселердің қайтарылған қаражаты есебінен револьверлік қаржыландыру тетігін іске қостық. Соның нәтижесінде 6 ауыл шаруашылығы кооперативі мен 5

жеке кәсіпкер қаржыландырылды. Атап айтқанда, Жылыой ауданындағы «Шокпартоғай» кооперативіне мал басын көбейтуге берілді. Қызылқоға ауданындағы «ІҢКӨР» кооперативі 3 трактор сатып алды. Ал Құрманғазы

*Денсаулық сақтау

Әр ауылға – бір-бірден

БИЫЛ АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДА 14 ЖАҢА ДӘРІГЕРЛІК АМБУЛАТОРИЯ САЛЫНАДЫ. ҚАЗІР МЕДИЦИНАЛЫҚ НЫСАНДАРДЫҢ ЖОБАЛАУ-СМЕТАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАЛАРЫ ӘЗІРЛЕНУДЕ.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Қайсар Абдалиевтің айтуынша, Атырау қаласына қарасты Сарыөзек, Бірлік және Таскала ауылдық округтерінде дәрігерлік амбулаториялар салу көзделген. Құрманғазы ауданындағы Жүмекен, Жыланды, Үштаған, Сафон және Бірлік ауылдарында, Жылыой ауданындағы Тұрғызба ауылында да жаңа нысандар бой көтермек. Басқа да ауылдарда бір-бірден дәрігерлік амбулатория салынбақ.

– Аталған жобалар өңірдегі медициналық инфрақұрылымды жаңғыртып, ауылдық және қалалық жерлерде медициналық қызметтің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді, – деді басқарма басшысы Қайсар Абдалиев.



*Қала тынысы

Жөргегінде тұншыққан маса

АТЫРАУДА МАСАЛАРДЫ ДРОН АРҚЫЛЫ УЛАУ ЖОСПАРЛАНУДА. БҰЛ ТӘСІЛ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҚИЫН БОЛҒАН АУМАҚТАРДЫ ТИІМДІ ӨҢДЕУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

ауданындағы «SAIFULLAN-PRODUCTION COMPANY» кооперативі құрама жем өндіру жобасын жүзеге асыруда, – деді облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Азат Қапанов.

Сондай-ақ Махамбет, Индер және Мақат аудандарындағы кооперативтер ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту, мал шаруашылығын дамыту және азық-түлік өндірісін жолға қою бағытында қаржыландырылды.

Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің бас маманы Эльдар Кариполлаевтың айтуынша, дезинсекциялық жұмыстарды жүргізу үшін екі бөлек тендер өткізу көзделген. Бұл мақсатқа қазынадан 200 млн. теңге қарастырылған. Жакын арада мемлекеттік сатып алу порталында конкурс жарияланып, содан кейін мердігерлер жұмысқа кіріседі.

– Өткен жылы масаларды улау жаңа тәсілмен жүргізілді. Атап айтқанда, қаланы екі бөлікке бөлу жақсы нәтиже берді. Мердігер ұйымдар дезинсекция жұмыстарын демалыс күндері немесе

түнгі уақытта жүргізуі тиіс. Сонымен қатар олар арнайы техникамен және бірнеше мобильді бригадалармен қамтамасыз етілуі және қолданылатын препараттар адам денсаулығына қауіпсіз болуы керек. Пайдаланылған құралдар белгіленген талаптарға сай жойылуы тиіс, – деді Э.Кариполлаев.

Бекітілген жоспарға сәйкес, тұрғын аймақтармен қатар ашық су айдындары да өңделеді. Олардың қатарында Жайық өзенінің жағалауы, Ерік-Мостовой каналы және булану алаңдары бар. Дезинсекция жұмыстары қала маңындағы алты округте де жүргізіледі.



Бек АЙДАРӘЛИ

